


“Гаухар” бөбекжай - бақшасы



“Түстер мен пішіндер”

Дайындаған :Саркулова А

2025-2026 оқу жылы

Анықтама

Түстер мен пішіндер» тақырыбы аясында психологтың қатысуымен жұмыс жүргізілді. Мақсаты – баланың түстер мен пішіндерді қабылдауын дамыту, зейінін, есте сақтау қабілетін арттыру және ата-анаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Психолог жұмыс барысында баланың жас ерекшеліктеріне сай ойындар мен жаттығулар қолданды. Атап айтқанда, «Түсін ажырат», «Пішінді сәйкестендір», «Артықты тап» сияқты ойындар арқылы балалардың қабылдау, ойлау және салыстыру дағдылары дамытылды. Сонымен қатар, түстер арқылы баланың көңіл-күйін анықтау (мысалы, «Қай түсті таңдайсың?») әдісі де қолданылды.

Ата-анамен жүргізілген жұмыс барысында психолог баланың дамуына ойынның маңызы зор екенін түсіндіріп, үй жағдайында қолдануға болатын қарапайым әдіс-тәсілдермен таныстырды. Баламен жылы қарым-қатынас орнату, жиі мадақтау, қызығушылығын қолдау қажеттігі атап өтілді.

Жұмыс нәтижесінде бала түстер мен пішіндерді ажыратуға қызығушылық танытып, қарапайым тапсырмаларды орындау қабілеттері артты. Ата-ана баланың танымдық және эмоционалдық дамуына қолдау көрсету жолдарын меңгерді.

Қорытындысында, психологпен жүргізілген бұл жұмыс баланың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізіп, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етті.